


MS Excel бағдарламасының ЛОГИКАЛЫҚ



Логикалық функциялар қандай да болмасын бір шартқа тәуелді есептеулер жүргізуде қолданылады. Шарттарды көрсету үшін Excel программасында салыстыру амалдарының “=”, “>”, “<”, “<>” (тең емес), “>=” (үлкен немесе тең), “<=” (кіші немесе тең) белгілері пайдаланылады.

ЕСЛИ(лог_выражение; значение_если_истина; значение_если_ложь) функциясы, функция аргументіндегі логикалық өрнек (**лог_выражение**) ақиқат мәнге ие болғанда, аргументтегі бірінші мәнді (**значение_если_истина**), ал қарсы жағдайда екінші мәнді (**значение_если_ложь**) береді.

Мұндағы, **лог_выражение** – бұл нәтижесі, екінің бірі, яғни не **АҚИҚАТ** немесе **ЖАЛҒАН** болатын логикалық өрнек. **значение_если_истина** – бұл **лог_выражение** **АҚИҚАТ** болғандағы мән, егер осы жағдайда функцияның жазылуында бұл аргумент (**значение_если_истина**) түсіп қалған болса, онда функцияның мәні де **АҚИҚАТ** болады.

значение_если_ложь – бұл **лог_выражение** **ЖАЛҒАН** болғандағы мән, егер осы жағдайда функцияның жазылуында бұл аргумент (**значение_если_ложь**) түсіп қалған болса, онда функцияның мәні де **ЖАЛҒАН** болады.

И, ИЛИ функциялары күрделі шарттарды жазу үшін қолданылады:

И(логическое_выражение1; логическое_выражение2;....) - **АҚИҚАТ** мән қабылдайды егер барлық аргументтер сәйкесінше **АҚИҚАТ** болса, ал қалған жағдайлардың бәрінде **ЖАЛҒАН** болады.

ИЛИ(логическое_выражение1; логическое_выражение2;...) - **АҚИҚАТ** мән қабылдайды егер ең болмағанда бір аргумент **АҚИҚАТ** болса, ал қалған жағдайлардың бәрінде **ЖАЛҒАН** болады.